



Jaqsynyń aty ólmeidi, álimniń haty ólmeidi

BUQAR JYRAY

JARSHYSY

№39
(1330)

Buqar jyray aýdandyq aptalyq gazetі Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 jyldyń 12 sáyirinen bastap shygady Газета издаётся с 12 апреля 1939 года

28

qyrkúiek 2019 jyl
сентября 2019 года

Құрметті ардагерлер! Ардақты ақсақалдар, ақ жаулықты аналар!

Сіздерді Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!
Зейнеткерлер мен ардагерлерді жан-жақты қолдау, үлкендерге қамқорлық көрсету - мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Сіздер жоғары мәдениет пен адамгершіліктің иесі, әрбір іске, жақын адамдарға, тұтастай алғанда қоғам өміріне жауапты және қамқорлықпен қараудың үлгісі болып табыласыздар.

Сіздер бүгінгі таңда жастарыңыздың ұлғайғанына қарамастан, еңбек етуді жалғастырып, қоғамдық қызметпен айналысып, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге зор үлестеріңізді қосып келесіздер.

Осы тамаша және жарқын мереке күні сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір және амандық тілейміз.

Әр күндеріңіз сүйіспеншілік пен жылылыққа толы болсын!

Ш.МАМАЛИНОВ,
аудан әкімі

А.ӘЛИ,
мәслихат хатшысы

Уважаемые ветераны войны и труда, представители старшего поколения!

Примите искренние поздравления с Международным днем пожилого человека!
Одним из приоритетных направлений государственной политики является всесторонняя поддержка пенсионеров и ветеранов, внимание и забота о старших. Вы являетесь носителями духовной культуры и нравственности, примером ответственного и неравнодушного отношения к делу, близким людям и в целом к жизни общества.

Отрадно, что и сегодня вы продолжаете занимать активную гражданскую позицию. Многие из вас, несмотря на возраст, продолжают работать, занимаются общественной деятельностью, принимают посильное участие в воспитании подрастающего поколения.

В этот замечательный и светлый праздник искренне желаем вам крепкого здоровья, долгих лет жизни, мира и благополучия!

Пусть каждый ваш день будет согрет теплом любви и внимания!

Ш.МАМАЛИНОВ,
аким района

А.ӘЛИ,
секретарь маслихата

Құрметті әділет органдарының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!
Мемлекеттік деңгейде құрылған бұл мереке қоғам мен мемлекет үшін заңгерлердің жоғары рөлін мойындау болып табылады.

Заңнаманы жетілдіру және қазақстандықтардың жоғары құқықтық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ біздің мемлекетіміздің әл-ауқатының даму негіздері көбінесе заң мамандарының еңбегімен құрылады.

Біздің ауданда үлкен жауапкершілікпен, жоғары кәсібилікпен, терең біліммен және адалдықпен заманымыздың ағымына сай келетін заңгерлер жұмыс істейді.

Сіздердің алдағы уақытта да нәтижелі еңбек етулеріңізге тілектеспіз.

Мықты денсаулық, отбасылық бақыт, істеріңізге сәттілік тілейміз.

Ш.МАМАЛИНОВ,
аудан әкімі

А.ӘЛИ,
мәслихат хатшысы

Уважаемые работники органов юстиции!

Поздравляем вас с профессиональным праздником!
Этот праздник, учрежденный на государственном уровне, является признанием высокой роли юристов для общества и государства.

Совершенствование законодательства и формирование высокой правовой культуры казахстанцев, а также основы благополучного развития нашего государства во многом создаются трудом специалистов юриспруденции.

В нашем районе трудятся юристы, подходящие к своему делу с огромной ответственностью, высоким профессионализмом, глубокими знаниями и честностью.

Желаем вам и в дальнейшем активно способствовать этому званию.

Крепкого здоровья вам, семейного счастья, оптимизма и удачи во всех делах.

Ш.МАМАЛИНОВ,
аким района

А.ӘЛИ,
секретарь маслихата

Қадірлі аға буын өкілдері! Ардақты ардагерлер!

Сіздерді 1 қазан – Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Ел дамуына қосқан ерен ерліктеріңіз бен қажырлы еңбектеріңізге шынайы ризашылық білдіретін осынау атаулы күнде сіздерге қуаныш сыйлау қазынасын ардақтаған текті ұрпақтың санасына сіңген ізгі қасиет деп білемін.

Сіздер өріс жайып келе жатқан жас буын үшін өнеге мен тағылым мектебісіздер. Тек өздеріңізбен ғана елімізде құрылған ер шаңырақтың шаттығы сақталып, берекесі бұзылмай, бірлігі бекем болып отыр. Аялы алақандарыңыздан дем татып, жауһар сөздеріңізді санасына сіңіріп, ата дәстүрімізбен тәрбиеленіп, өсіп келе жатқан ер рухты ұрпағымыздың тәрбиешісі болып отырған өздеріңіздің берген өнегелеріңізді ешбір мектеп бере алмасы хақ.

Қазыналы қарттарымыз, тағы бір мәрте төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, ырыс-несібе тілеймін. Өмірлеріңіз шуақты болып, қушақуаттарыңыз таусылмасын! Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын!

Т.АРБАБАЕВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Стартовал отбор в Президентский молодежный кадровый резерв

В рамках предвыборной компании Глава государства Касым-Жомарт Кемелович высказал идею о создании прозрачного и эффективного социального лифта для талантливой молодежи. В связи с этим 1 сентября стартовал прием заявок на участие в отборе в Президентский молодежный кадровый резерв.

Предполагается, что данный проект откроет возможность для наиболее подготовленных и опытных молодых людей занять руководящие должности в системе государственного управления и квазигосударственного сектора, так как при возникновении вакансий на высшие административные и политические должности будут рассматриваться кандидатуры резервистов Президентского молодежного кадрового резерва.

Для приема документов участников запущена автоматизированная онлайн – платформа PK Rezerv.kz для сбора документов.

На главной странице данного сайта кандидат может ознакомиться с данными о процессе отбора в Президентский молодежный кадровый резерв в виде инфографики: как и кто может принять участие, каковы сроки и этапы отбора.

Кандидату необходимо указать свои личные данные, такие как ФИО, ИИН, предпочтительный язык для прохождения этапов отбора и, самое главное, действующий электронный адрес и мобильный телефон.

(Окончание на 4 стр.)

Внимание, подписка!

Продолжается подписка на районную газету.

Стоимость подписки на один месяц составляет:

- для физических лиц - 154,52 тенге,

- для юридических лиц - 287,65 тенге.

Оформить подписку можно в любом отделении АО "Казпочта"



Құрметті зейнеткер, ардагер ұстаздар!

Сіздерді Қарттар күні мерекесімен құттықтаймыз! Қарттық деген сөздің астарында даналық, тәжірибесі мол, жастарға үлгі беретін, ақыл айтатын қазына иелері деген түсінік жатыр.

Сіздердің еңбектеріңізге басымызды иеміз. Білім саласында жүріп, жалықпай-талмай еңбек етіп, өмірге қаншама білімді түлектер ұшырған сіздердің әлі де бергендеріңізден беретіндеріңіз көп. Ауырмай-сырқамай отбасыларыңыздың, немере, шөберелердің жылы шуағына бөленіп, ұзақ өмір сүріңіздер. Аспанымыз ашық, таңдарыңыз арайлы да шуақты болып, жас ұрпаққа деген жылуларыңызды себелеп, күннің сәулесіндей боп жарқырап, барша қоғамымызға нұрларыңызды шаша беріңіздер.

Ұрпақ өсіп, кеңейсін көрегеніз,
Жүрейік қызығына кенеле біз.
Жүріңіздер аман-есен ортамызда,
Көбейсін немере мен шөбереніз.
Ұрпағым деп соғады жүрегіңіз,
Оларды ойлап, талай таңға жүдедіңіз,
Ешқашанда ауырып, сырқамаңыз,
Осы біздің шын жүректен тілегіміз.

Э.ХАМИТОВА,
“Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымының Бұқар жырау аудандық комитеті филиалының” төрайымы

№613

Поздравляем с праздником!

Уважаемые пенсионеры сельского округа Тузды! Поздравляем вас с наступающим Международным днём пожилых людей! Желаем здоровья, бодрости и хорошего настроения.

*Летят года, но не беда,
О том не стоит волноваться,
Не зря придуманы слова:
«Мои года - моё богатство».*

№616

Л.КОЛЧИНА,
председатель ветеранской организации
Н.МИХАЛЕВА,
ведущий специалист аппарата акима с/о Тузды



Примите благодарность

Коллектив учителей Зареченской средней школы выражает огромную благодарность директору птицефабрики «Қарағанды құс» Мартынюк Вадиму Александровичу за помощь в установке детской площадки на территории школы.

Руководитель предприятия также помог с ремонтом входной лестничной площадки школы, выделит кафельную плитку, клей. Ремонт не производился со дня основания школы.

Наши слова благодарности и выпускнику Зареченской школы Садвокасову Болату Турсыновичу. Он принимал активное участие в установке детской площадки, помогал с доставкой оборудования. Желаем нашим меценатам семейного благополучия и плодотворной работы в процветании нашего села Сарыарка.

Коллектив Зареченской СШ



Жақсылық - жан азығы

Мектеп бойынша 1 тамыз бен 30 қыркүйек

аралығында «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету» ұранымен жалпыреспубликалық акциясы өткізілуде.



Акция мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша олардың мектепке бармауының алдын алу үшін көмек көрсету.

«Мектепке жол» акциясы Амангелді орта мектебінде жалғасын тапты. Осыған орай жұмыс жоспары бекітіліп, игі іс-шаралар өткізілді. Сынып жетекшілері және комиссия мүшелері көпбалалы отбасы мен аз қамтылған отбасы балаларының мектепке дайындығын тексерді.

Акция барысында 30 оқушыны «Sat Komir» тау-кен компаниясы» АҚ бас директоры А.Рымбаев қажетті кеңсе тауарларымен қамтамасыз етіп, демеушілік жасады. Осындай іс-шаралар көп балалы отбасылардың балаларына өз септігін тигізеді.

Өз кезегінде ата-аналар мен оқушылар акцияны ұйымдастырған «Sat Komir» тау-кен компаниясы» АҚ-на алғыстарын жеткізді.

А.ЖҰМАҒҰЛОВА,
Амангелді орта мектебінің тәлімгері
Қарақұдық ауылы

Поздравляем!

С днем рождения поздравляем Гамаду Искакову – председателя первичного совета ветеранов Бухаржырауского сельского округа, Сауле Торжан – председателя первичного совета ветеранов Петровского сельского округа.

Желаем юбилярам крепкого здоровья, долгих лет жизни, счастья, радости и благополучия.

От имени районного совета ветеранов **Т.Арбабаев**

Құттықтаймыз!

Ботақара кентінің тұрғыны Бейсекеева Әминаны 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!

Біз сізді осынау мерейтойыңызбен құттықтай отырып, өмір кемесінде тастай мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Бала-шаға, немерелеріңіздің қызығын қызықтап, ортамызда шуақ шашып, жүре беріңіз.

Жан жарыңызбен сыйластықты ғұмыр кешіп, өмірге 8 бала әкелген сізді Батыр ана деп еліміз таниды. Бүгінде немерешөбереніңіздің балдай тәтті қылықтарына тоймай, атқан таңдарыңызға тәубенізді айтып отыратын сізге мына ғаламдағы барлық жақсылықты тілейміз.

Көңіліміз сізбен жанып, санасады,
Өмірдің ең сенімді кемесіндей.
Байсалды бейнеңізге жарасады,
Келген жас - парасаттың белгісіндей.
Ақ жауын - ырысыңыз толсын дейміз,
Баянды бақытыңыз болсын дейміз.
Жасасын жақсылыққа сеніміңіз,
Ақ тілеу сізге деген лебізіміз.

Ізгі тілекпен: қайынағасы Мұрат, абысыны Сәуле

№600



Мерейлі күніңізбен!


Ботақара кентінің тұрғыны Жаманбаева Орынтай Айткенқызын 60 жасқа толған қуанышты күнімен құттықтаймыз!

Сізге мол бақыт, еңбегіңізге жеміс, зор денсаулық тілейміз.

Құтты болсын 60 деген жасыңыз,
Аман болсын отбасыңыз, басыңыз.
Еңбегіңіз көпшілікке үлгі боп,
Талай биік асулардан асыңыз.
Алланың берген сыйы таусылған ба,
Берерін көпсінбесін хақ тағала.
Немере мен шөбере су ішкізіп,
Атаныңыз елге сыйлы кейуана!

Ақ тілекпен: Қаратаевтар отбасы

№609



Примите благодарность

Хотим поблагодарить нашу незаменимую помощницу - социального работника Шестакову Веру за ее отзывчивый характер, аккуратность, внимательное отношение к старшему поколению. Желаем ей крепкого здоровья, долгих лет жизни, успехов в работе.

**Р.З.ЕСМАКАЕВА, Г.И.КАРАЯН,
К.ТУЛЕУБАЕВА, Л.М.БРАТИШКИНА,
Е.И.ЧИНГИДИ**

№599

Уважаемые жители поселка Ботақара!

В соответствии с Бюджетным кодексом Республики Казахстан с 1 января 2018 года все платежи по налогам, подлежащим уплате в бюджет 4-го уровня, должны уплачиваться на БИН аппаратов акимов городов районного значения, сел, поселков, сельских округов.

БИН ГУ «Аппарат акима поселка Ботақара»: 950440001336, код: 301318, KZ24070105KSN0000000.

Законом предусмотрено поэтапное внедрение самостоятельных бюджетов местного самоуправления (далее - МСУ) за счет передачи из местного бюджета поступлений по 6 (шести) видам налогов:

- индивидуальный подоходный налог, по доходам, не облагаемым у источника выплаты (КБК 101202);
- налог на имущество физических лиц (КБК 104102);
- земельный налог на земли населенных пунктов (КБК 104302);
- налог на транспортные средства юридических лиц (КБК 104401);
- налог на транспортные средства физических лиц (КБК 104402);
- плата за размещение наружной (визуальной) рекламы (КБК 105430).

Напоминаем, налог на имущество физических лиц и земельный налог необходимо оплатить до 1 октября текущего года.

ГУ «Аппарат акима поселка Ботақара Бухар-Жырауского района»

Редактор Ә.С.ЖУМАҚАЕВА

Учредитель: акимат Бухар-Жырауского района
Собственник: ТОО «Бұқар жырау жаршысы»
Тіркеу куәлігі №17381-Г (Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен 2018 жылғы 28 қарашада берілген).
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірімен мерзімі №1234 - 27.01.1994ж.

Мекен жайымыз: 100400, Қарағанды облысы, Ботақара к., Қазыбек би к., 60 «а».
e-mail: Sary_arka39@mail.ru телефоны: 21885, 21773 (факс)
Наш адрес: 100400, Қарағанды облысы, Ботақара, ул.Қазыбек би, 60 «а».

Мнение редакции не всегда совпадает с мнением автора
✓ - публикация на правах рекламы. Ответственность за содержание рекламы и объявлений несет рекламодатель.

Отпечатано в ТОО «Қарағандық Полиграфия». Адрес: г.Қарағанда, ул.Ермекова, 33.

Газет сенбі күндері шығады көлемі 5 б.т. Газета выходит по субботам объем 5 п.л.

Индекс 65623
Тираж 3350
Заказ 39

Таза өлке - өзіміз үшін

Кент, ауыл мен ауылдық округтер тазалығы жөнінде айқайлап тұрған мақалалар жарық көргенімен, айта-айта жауыр болған мәселе әлі де шешімін таппай келеді. Ауданымыз бойынша көктем және күз айларында басталатын сенбілік науқандары жүргізіліп, орнатылғанымен келесі жылы өзіміздің салғырттығымыздың салдарынан тағы да айналып, осы мәселеге келіп тоқталарымыз сөзсіз.

Алтынға оранған күздің алғашқы сенбіліктері басталып кеткелі қашан?! Жер анадан өнім алынып болған соң келесі кезек бізге келді. Яғни көктемнің қамына дайындық басталды. Біреулер күннің жылылығын пайдаланып көкөнісін жинап жатса, енді біреулер күрек, айырын алып, ауласын жинауға асығуда. Солардың қатарында Көкпекті, Байқадам, Петровка ауылдарының жұртшылығы да бар.

Сенбілік десе «Тазалық – денсаулық кепілі» деп ұрандатып шығар ұстаздар мен тәрбиешілер, әкімшілік қызметкерлері, ақ халатты абзал жандар көшті бастап шығары аян. Аталған үш ауылда да жоғарыда көрсетілген мекеме қызметкерлері басты көшелерді, жол бойларын тазалауға таң атысымен-ақ кірісіп кетті. Қарапайым тұрғын осы мекеме қызметкерлері бастаған көшті жалғаса деген тілекті білдіре алмаймыз. Неге десек кез-келген тұрғын өз ауласындағы тазалық жұмыстарын қадағалап тұрса, соның өзі үлкен көмек болар еді.

Ауданымыз бойынша таза ауыл байқауы өткізілер болса өз басым оған Көкпекті ауылын ұсынар едім. Себебі ауыл ішіндегі басты көшелерден ешқандай мін таппайсыз. Бәрі тап-тұйнақтай. Көер көздің өзі таңданып қалады. Артық мақтап кеткеніміз болар, ауылдың сыртқы көшелерінің бір-екі жерінде тұрмыстық қоқыстар үйіндісін байқап қалдық. Бірақ бұл көзге сұрықсыз көрінетін үйінділер тазаланады деп сенеміз. Сенбілік десе білек сыбана кірісетін әкімшілік қызметкерлері өз мекемелерінің алдында тазалық жұмыстарын жүргізсе, ақ халатты абзал жандар ауылдық медициналық амбулаторияның маңында сенбілік жасады. Медбике Алмагүл Сатанова:

- Біз тазалыққа ерекше мән береміз. Сол себепті де кезекпен сенбілікке шығып, тазалық жұмыстарын жүргізіп тұрамыз,- дейді.

Ал, Байқадамда ұстаздар қауымымен жол бойлары тазартылып, Б.Райысова, Ж.Қонысбаева, А.Төлеубаевалар клуб ғимаратының ауласына тазалық жұмыстарын жүргізді. Сенбілікті құп көргендей күн де жылына түскен бұл күні біз Байқадам көшелерін аралап, мамыражай ауыл тынысымен танысып, күзгі сенбілік маусымы басталып кеткенімен, әлі де атқарылар жұмыстың көптігін аңғардық.

Таза ауада таң шуағымен қызу жұмысқа беріліп кеткен петровкалық сенбілікке шыққандар қатарында ауылдық округ әкімі Кәрібай Қаржанов та бар. Әкімшілік қызметкерлері Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш маңайына тазалық жұмыстарын жүргізіп, сауабы мол істің қатысушыларына айналды. Қазіргі қоғам үшін аса маңызды сенбіліктер тұрғындар үшін міндетке емес, игі дәстүрге айналуы керек деп санайтын Кәрібай Қаржанов аула тазалығына салғырттықпен қарайтын тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жасалып, ескертулер таратылып отырғандығын айтады.

Өткен сенбілікте атқарылған жұмыс нәтижесіне келіп тоқтар болсақ, Көпекті ауылдық округі бойынша 120-ға жуық адам тазалық жұмыстарына білек сыбана кірісіп, оған 2 техника жұмылдырылған. Жалпы 6 гектар жер тазаланған. Ауылдық округ әкімі ұсынған ақпаратқа сүйенсек, Байқадам ауылы бойынша 10-ға жуық ескерту парақшалары таратылған. Ал, Петровка ауылдық округінде өткен сенбілікке 120 адам тазалық жұмыстарын жүргізіп, 2 техника іске қосылған. 5 гектар жерде тазалық жұмыстары жасалып, 2 заңсыз полигон жойылды.

Дамып келе жатқан тұрмысымызбен бірге құрдымға кетіп бара жатқан қоршаған ортамызға қарап, қалың ой түбіне беріліп кетесің. Күнделікті көздің жауын алатын дүкендер сөресінде тұратын арнайы қораптармен полиэтилен пакеттердегі тағамдар мен сусындардан шығатын қалдықтар, балаларға арналған жергектер, ессіздер отырысынан соң қалатын темекі қалдықтары мен ішімдік бөтелкелері - осылардың бәрі сіз бен біздің қоршаған ортаға тигізіп отырған кері әсеріміз.

Өмірімізге нәр беріп отырған табиғатты аялауда күнделікті шығарылатын тұрмыстық қалдықтарды жерден-жерге желмен ұшып жүруін емес, жағып немесе одан қалған қалдықтарды арнайы белгіленген жерге апаратын болсақ, осының өзі айналамыздың таза тұруына жасалатын қадамның бірі болар еді.



Б.ЖАКЕШОВА

Д.Торжановтың суреттерінде:тазалық жұмыстарың атқару сәттері; күл мен қоқыс үйінділері.



Білім сапасын жақсарту жолында

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында бірнеше маңызды мәселелерді көтерді. Президент білім беру сапасын жақсартуды ерекше айқындап өтті.

Өлемдегі экономиканың кез-келген саласының дамуы жергілікті халықтың біліміне байланысты екені сөзсіз. Ол үшін ауылдық жерлерге "Дипломмен - ауылға" бағдарламасымен білікті мамандар тартылады. Президент бұл бағдарламаның қаржыландырылуын 20 млрд. теңгеге дейін жеткізуді тапсырды. Сондай-ақ, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды қолдау үшін Үкіметке "Дарынды баланың қабілетін дамытудың жол картасын" әзірлеуді тапсырды. Бұл - талантты балалардың алдынан мүмкіншілік есіктері ашылады деген сөз. Оқу сапасының жоғарылауы, мұғалімдердің еңбекақысының артуы білім саласына жаңа екпін беретіні сөзсіз.

**Аметхан БЕКБОЛАТ,
Ю.Гагарин атындағы
орта мектебінің мұғалімі**



Білім күнінен басталатын қыркүйек айының атаулы мерекелерінің бірі - «Бұқарекен жырлайды» XII дәстүрлі аудандық ақын-жыршылар

байқауы өз мәресіне жетті. Байқауға кент, ауыл мен ауылдық округтерден келген 30 үміткер қатысып, өнер көрсетті.



Бұқар жыраудай әулиенің киесі қонған құтты мекен ұрпақтарының бақ сынасқан байқауы баба мұрасының мәңгілік екендігін көрсетіп келеді. Жыл сайын қатысушылар қатары жаңарып, дәстүрлі жыр бәйгесі жаңа таланттармен толығуда. Қаймана қазақтың қадірлі қариясы, көмекей әулиесі атанған Бұқар баба ескерткішінің 5 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген жыр додасы өзіндік ерекшелігімен, жалынды көздері, отты сөздері бар қатысушыларымен есімізде қалды.

Жыраудың әдеби мұрасын, тарихтағы елеулі орнын насихаттап, төл өнерімізді дәріптеуде ерекше орын алатын байқау мәдениет қызметкерлерінің орындауындағы мазмұнды көрініспен ашылуының өзі 12 жыл бойы жалғасын тауып келе жатқан жыр додасының маңыздылығын аңғартып өткендей.



«Ел бастау қиын емес, қонатын жерден көп табылады. Қол бастау қиын емес, шабатын жерден ел табылады. Шаршы топта сөз бастаудан қиынды

Мемлекеттік тіл – полиция қызметінде

Қарағанды облысының Полиция департаменті ішкі және сыртқы коммуникациялар басқармасының ұйымдастырумен 5 қыркүйек - Қазақстан халқының тілдері күніне арналған Қарағанды облысы ішкі істер органдарының қызметкерлері арасында облыстық байқау өткізілді.

Байқаудың басты мақсаты - мемлекеттік тіліміздің айбынын асқақтатып, мәртебесін жоғарылату. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің арасында өткен байқау 4 кезеңнен тұрды, атап айтсақ, 1-кезең «Сәлемдесу». Әрбір команда өздерін «Біз мемлекеттік тілді дамытуға қандай үлес қосудамыз?» тақырыбында таныстырды. 2-кезең «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда...» сұрақ-жауап. 3-кезең «Іатуыңша оқур ілгепік». Әрбір команда ұяшықта көрсетілген латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиіндегі мәтінді оқу. 4-кезең «Аударма». Әрбір команда ұяшықта көрсетілген сөздерді қазақшадан орысшаға (орысшадан

қазақшаға) аударуы керек болады.

Қарағанды қаласы полиция басқармасының ғимаратында өткізілген іс-шараға қатысқан Бұқар жырау ауданы Полиция басқармасының қызметкерлері - полиция майоры Гүлден Қайрбекова, қатардағы полицейлер Сымбат Түсіпбекова, Олжас Сәлімжанұлы, Азамат Ержанов «Самға» командасын құрып, жүлделі 2 орынды иеленді.

**Ғ.ҚАЗАЛИЕВА,
Бұқар жырау ауданының ПБ**



Байқау барысынан

көргенім жоқ» деп Бұқар жырау айтпақшы, үміткерлердің алды болып баба жырын орындаған мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Төлеген Ргебаев батырға тән ерлік танытты десек те болады. Өнер атты айдында кездесетін қобалжу мен қорқыныш сынды сезімдерді батылдылық пен сенімділікке ауыстыруға, қатысушылардың бойындағы үрейді жеңуге өз қолдауын көрсеткен Төлеген ағамыз нағыз ер-азаматқа тән қасиеттерімен, сегіз қырлы бір сырлылығымен танылып жүргендер қатарынан.

Жыр додасының барысын бағалап жас тарланбоздардың шығармашылығына баға берер әділқазылар алқасында Төлеген Ргебаев, айтқыскер ақын Дидар Қамиев, С.Сейфуллин атындағы драма театрының режиссері Сланбек Жұмағали, мәдениет үйінің шығармашылық бөлімінің жетекшісі Зәуре Төлеубаева, «Руханият» қосымша білім беру орталығының директоры Бауыржан Ермухамбетов, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы Айгүл Жексенбаева қазылық етіп, төрелігін айтты.

Жыр тарланбоздарының ішінде жасы мен бой жағынан кішірек болғанымен ой-өрісі асып түсер Гагарин ауылының кішкентай тұрғыны Жансая Бірлік көш ішінен ерекше көзге түскендердің бірі. 4-сынып оқушысы Жансая өткен жылғы жыр додасында бабасының 10 шығармасын жаттап келсе, бұл жолғы көрсеткіші 20-ға өсіпті. Бұқар жыраудың көпке таныс «Он бір тілегімен» сахна төріне шыққан Жансая қазылар алқасының сынағынан сүрінбей өтіп, таңдағы тақ-тақ етіп, бір мүдірместен жаттаған шығармаларын орындап шықты. Жас ерекшелігі бойынша ең кішкентай қатысушы Жансаямен қатар былтырғы жылы «Руханият» қосымша білім беру орталығының Керней ауылындағы филиалында ашылған Бұқар жырау атындағы жыршы-жырау сыныбының оқушысы Жәнерке Тәшімбекованы атап өткіміз келеді. Айтбай Жұмағұлов жетекшілік ететін сыныптың алдыңғы толқыны Жәнерке Тәшімбекова, Маржангүл Айтбаева мықтылар қатарынан көрінді. Осы дарабоздар қатарын Мәлдір Еркін, Әділхан Төлегенов, Ақжан Шыныбектегілер жалғады.

Байқау қорытындысы бойынша мәнерлеп оқу жанрында Темірхан Әбдуғали, Жолжібек Серікбол, Ақбота Серікжан 3 орынға лайық деп танылса, Маржангүл Айтбаева 2 орынға, Жәнерке Тәшімбекова 1 орынға ие болды. Ал бас жүлдеге ие болған Мәлдір Еркін есімді қызымыз облыстық байқауға жолдама алды. Баба толғауларын белгілі бір аспапқа салып орындау жанрындағы жалғыз қатысушы Әділхан Төлегенов бас жүлдеге ие болды. Бұқар жырауша жырлаған мүшәйра жанры бойынша Мереке Нұршат 3 орын, Ақжан Шыныбектегі 2 орын, Ораз-ай Майролқызы 1 орын шыңына көтерілді. Байқауға қосылған жаңа жанр өзге ұл өкілдері арасындағы «Әлемді түгел білсе де» кезеңінде Гаринов Дмитрий 2 орынды, Мених Милана 1 орынды жеңіп алды.

Ауданымызда өтетін атаулы байқаулардың бірін қалдырмай қатысып жүретін Мених Миланың есімі бізге таныс әрі жақын болып естіледі. Миланың жетекшілері Бақытнұр Наргелова мен Саят Садықов шәкіртінің жеңіс төрінен көрінуі оны алдағы өтетін байқауларға қатысып, өзін танытуына көп көмегін тигізетіндігін айтады.



Байқау соңында Сланбек Жұмағали ағамыз қатысушылар мен жетекшілер ескеру керек сахна мәдениетіне тоқталып өтті.

Алты алаштың қанына сіңіп, бойына дарыған жыр киесін жас ұрпақ бойына сіңіретін байқаудың өту барысына көңіліміз толмай қайтқандығын айтпасымызға



болмас. Төл өнеріміз, ұлттық тіліміз жанданып, жаңа сатыларға көтеріліп, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заманның, тәуелсіз елдің ұрпағы көш бастайды деп сеніп жүргенімізде, артылған үміт ақталмай қалады ма деген күмәныміз да бой көтереді. Олай деуімізге себеп - көмекей бүлкілдеп, аузын атса жыр ақтарылып түсер Бұқар жырау байқауына қатысушы жастардың саны жылдан-жылға азаюында болып отыр. Оған қоса байқау қатысушылары көшінде ел тұтқасын ұстар ер балаларымыздың тіпті жоқтың қасында екендігін де аңғардық. Жас ұрпақты жыр, толғаулармен тәрбиелеуге бастайтын атаулы байқаулардың мектеп үшін маңыздылығы жойылып бара жатқаны ма, әлде балаларымыздың ғаламтор тұтқынына айналып, білімнің бастауы кітаппен дос болуды ұмытқаны ма, әйтеуір ұлттық өнеріміз қайта жанданады дегенде мүлдем жоғалтып алмасақ екен дейміз.

PS: Ауданымыз төңірегінде өтетін байқаулардың қай-қайсы болмасын жыл санап бала санының аздығынан «жетім қыздың» тойындай әрсіз, әрі мағынасыз өтпеуіне ұстаздар қауымы мен ұйымдастырушылар баса назар аударса екен дейміз.

Б.ЖАКЕШОВА

Д.Торжановтың суреттері.



Как я познакомился с Киналбеком Бейсекеевым

1978 год. 12 мая. С ботакаринским журналистом Николаем Ивановичем Блудчим отправилась в Семизбугу. Была задумка – встречи с горняками закрытого два года назад корундового рудника., первенца горного дела в степях Сарыарки. По дороге завернули в урочище Байзак совхоза «Озерный», где жила семья Киналбека Бейсекеева. Николай Иванович считал Киналбека сильной почетной личностью, романтиком первой пятилетки и лидером стахановцев района. И еще по дороге я узнал – Киналбек коммунист, кавалер ордена Трудового Красного Знамени, участник ВДНХ. На руднике трудился до 60 лет. И на сегодня остается действующим животноводом.



К Байзаку пробирались с полонками. Прибыли в 2 часа ночи, но самого главы семьи не застали. Как нам пояснили, он в поле в ночном дозоре, присматривает за табуном лошадей. Впечатление ошеломляющее. Тут же послали сменичника и скоро ветеран прибыл. Сразу шагнул к Блудчему и обнял его.

- Ивана сынок как вырос! С твоим отцом в кузнице весь Семизбугу, все аулы вокруг и Шалкарколь с Озерным в железо обували! Семь лет вместе трудились.

Нам с аксакалом отвели «тихий угол» и мы стали строить мостик в прошлое. Привожу обобщающую запись рассказа собеседника.

- Родина Далбинская волость. Дата рождения 12 апреля 1898 года. Профессия чабан. В 1927 году услышал про завод у синей сопки Семизбугу. Пришел, увидел, как люди ломали гору, ворочали большие камни. Меня приняли сразу и я стал возить корунд в Павлодар. На берегу Иртыша мы сдавали его приемщику Дронову. Жили артелью. В обозе было 8-10 подвод. Груз до тонны весом каждому ездому. Маршрут был долгим. В дорогу набирали еды, покупали баранов. Потом я пошел в забой и стал горняком. Снова артельный труд. Рядом Губайдулла Шибаяев, Омарбек Кыпшакабаев, Хамит Мустафин, Омирбек, Тишпек и Диханбек Дабыловы, Муслим Рашев. Платили нам за кубометр добытой породы. Замеры вел седоусый десятник Узун-Мурт. Он говорил так: «Гора не обманет. Сколько заработал, столько и получишь». Узун-Мурт одевался как степняк, насвай закладывал под губу и по-казахски разговаривал. Видел геолога Русакова, помню прораба Воронкова и директора Пулита. Артель получала деньги и спецовку



в кредит. При расчете подводили наш заработок для каждого человека.

В 1935 году семизбугинские горняки праздновали государственный юбилей. Правительство учредило специальный знак «15 лет Казахской АССР». Кроме Киналбека Бейсекеева эту редкостную награду получили еще 10 горняков. Был награжден и Идрис Бекенов, курдас Киналбека.

От Киналбека поехал к Идрису в Тортколь. Разговор был долгим. Идрис еще в 1916-ом стал шахтером Экибастуза. Он назвал имена первых горняков рудника. Это братья Дабыловы, чьи юрты прятались в ущельях горы

Дабыловы и стали помощниками геологов, а потом забойщиками. Честно трудились Тулюш Асмагамбетов, коммунист Имаш Олжабаев, Майбас Жангожин, Оразбек Жумабаев, Мукаш Тыштыбаев и Дюсенбай Кошегулов, впоследствии награжденный орденом «Знак Почета». Д.Кошегулов со временем вырос до должности старшего горного мастера, избирался парторгом и председателем рудкома.¹

В списке обладателей знака «15 лет Казахской АССР» и два шофера: Жанайдар Машрапов, 1903 г.р. и бывший павлодарец Леонтий Тихонович Аксенов (1904-1970). Его сын Иван Леонтьевич Аксенов, 1939 г.р., рассказал.

- Отец про Семизбугу узнал в Павлодаре. Караваны подвод шли к пристани. И в марте 1929 года он уже на руднике. Отвели ему место в кузнице. Напарник Жарты Балгожин. Выдавали самодельный инструмент для горных работ. Мастерили тачки и брички. Отец вел переписку с родными и к нему приехал брат Иван Тихонович. Я здесь родился. Закончил 10 классов. Вырос до начальника планово-производственного отдела. Сейчас старший экономист...

- Семизбугу осваивала вся страна, все болели за добычу корундового сырья. Первые автомобили появились в Семизбугу в 1931 году. Курсы шоферов вели Шишов и Федоров.

Отец стал помощником у Федорова. Сразу начали возить корунд на АМО-Ф-15 до станции Нурунская. Через месяц работали самостоятельно и за сутки успевали выполнить 2 рейса. Знака «15 лет Казахской АССР» также удостоены: Асмагамбетов Садык, 1904 г.р., Жукуш Сарымолдин, 1895 г.р., Увалтай Мауленов, Каппас Калиакпаров, Бекет Танжарыков, Зеленский Прокофий и Ермишкин Михаил Васильевич.

В июне 1938 года на Семизбугу провели перепись населения. Комиссию возглавил секретарь профрудкома М.И.Кутищев. Ему помогали диспетчер К.Есмагамбетов и счетовод Р.Сыздыков. Учтено 899 человек, 214 хозяйств и 78 жилых строений. Часть населения трудилась в подсобном хозяйстве.

В 1940 году Почетными грамотами Президиума Верховного Совета Казахской ССР награждены забойщики Киналбек Бейсекеев, Елюбай Айтжанов и Белеш Рахимжанов.

Кроме забойщиков на руднике особо ценили кузнецов, слесарей и шоферов. Зимой, весной и осенью дорога между Рудником и станцией Нурунская провоцировала череду поломок. Ремонт занимались механики и сами водители. В областной печати («Социалистическая Караганда», 1941, 28 июня) появились имена бригадира слесарей Косоротова, токаря Кутищева, водителей Машрапова, Аксенова, Матющенко, Гончарук, Пинекнера, Ахметбекова, Шынжыбаева, Оспанова, Акжожина, Ищенко, Ларина, Савченко, Шляпникова. На рудник в 1937 пришел Василий Семенович Алпатов. Здесь он вырос от десятника до директора рудника. Про дела семизбугинцев тех лет областная «Социалистическая Караганда» рассказала читателям 27 сентября 1959 года в заметке «В долине жирного оленя».

В годы войны семизбугинцы из личных запасов слали продовольствие и предметы одежды. Дары оформляли Борисовская, Калиакпарова, Дармодехина, Панфилович. В Семизбугу создали военно-призывной пункт. В нерабочее время командир роты Бакулин готовил призывников к военной службе.² Более сотни человек воевали. 72 человека не вернулись из огня сражений. Стахановцами тыла стали Алан Сыздыков, Тулеген Ахметов, Алимбек Алдабеков, Елюбай Айтжанов, Тулбек Аденов и другие.³

Иван Леонтьевич Аксенов привел меня в дом Батии Балгожиной, старожилы и ветерана корундового дела. Собеседница оказалась родом из аула Кызылагаш, что недалеко от сопки Большой Семизбугу. Родовая линия: Каржас-Айдабол-Косджатер-Мангазы. Это в ее аул заглядывали за айраном англичане, пробурившие в 1917 году скважину на медь. За полвека Батия, 1907 г.р., побывала на многих работах, вплоть до технички, курьера и сторожа. А на рудник ее привел отец Жарты, ставший здесь стахановцем.

Прошу Балтию показать первые саманки. Побрели по косогору к месту, где стоял жилой барак. В этом бараке и скончался Узун-Мурт. Его лечили отваром из бараньих почек. Не помогло. За телом приехала женщина с ко-

роткой стрижкой из Каркаралинска. Поминки были. Женщина привезла конфеты с ягодной начинкой. А после Узун-Мурта десятником стал золотозубый «каскабас».

Потом остановились у кучки полуразрушенных саманных построек.

- Самое великое место. Наш Универмаг. Вся Степь здесь собиралась. Шибаяевский магазин, торговая лавка. Товары из Москвы..

К изумлению степняков Семизбугу уверенно становился образцом новых перемен. Впервые появились детсад, школа, магазины. Больных принимал врач Ногай Алиев. В школе работали Жанторе Тлеуов, Нургожин, Капашев.

После окончания в 1941 году 3-го Московского медицинского института на рудник прибыла врач-педиатр Ольга Андреевна Лубенец (1919-1996). До 1945 года руководила рудничной участковой больницей. В последствии она заслуженный врач Казахской ССР (1964), Герой Социалистического Труда (1969).⁴ А главные врачи Семизбугинской больницы последних лет - Гремзина Нина Петровна, Коккозов Мереке Балташевич, Балгожина Макен Жартиновна, Карашев Жагалтай, Жумашев Туйтен, Бейсекеев Асылбек, Угурчиев Руслан.

В Семизбугу и Озерном я сделал несколько снимков. Один из них ожил в Инете. Иван Леонтьевич Аксенов улыбается в обществе Батии Балгожиной и ее снохи учительницы Сауле Латифовны Ашкеевой.



Семизбугинцы добросовестно помогали кохозникам соседней многоязыковой артели «Победа». Вот один из таких примеров. 8 мая 1958 года директор рудника В.С. Алпатов подписал приказ о командировке в это хозяйство 18 человек. На посевной трудились: Сулейменов Букен, Дабылов Сагантай, Окапов Мейрам, Балгожин Айтмухан, Аксенов И.Л., Сальников И.Х., Вронец П.В., Шульц А.В., Магомадов У. В завершение снова встретимся с именем Киналбека (1898-1984). Был женат на Злихе (1910-1955), которая родила 5 детей. Старшая дочь Ратай, 1937 г.р. воспитала семерых. За ними идут 11 внуков. Муж Тлеубаев Жолдыбай (1927-2000). Младшая дочь Майдаш, 1950 г.р. У нее 5 детей и 4 внука. Муж Байзаков Бейсен (1950-2016). Имя старшего сына Ораш (1935-1998). Потомки: 6 детей, 10 внуков. Второй сын Бораш, 1943 г.р., педагог-музыкант, 5 детей, 9 внуков. Третий сын врач-терапевт Асылбек, 1946 г.р. Выпускник Карагандинского медицинского института. Отличник здравоохранения СССР (1985). Отличник здравоохранения Республики Казахстан (2002). Награжден медалью «20 лет Маслихатам Республики Казахстан». У него 3 детей и все с высшим образованием. Подрастают 5 внуков.

Юрий ПОПОВ, краевед Семизбуга-Санкт-Петербург (Россия)

На фото автора: Киналбек Бейсекеев и его супруга Злиха; рабочие рудника Семизбугу, 1928г.; Л.Т.Аксенов; С.Л.Ашкеева, И.Л.Аксенов и Б.Балгожина, 18 августа 1976 года.

1. Первые новаторы Семизбугу //Знамя Ильича. 1985. 19 сентября.
2. Социалистическая Караганда. 1941. 4 декабря.
3. Акжанов А. На далеком руднике //Социалистическая Караганда. 1945. 14 января.
4. Энциклопедия. Караганда. Карагандинская область. 2008. С.347.



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Ақыл, қайрат, жүректі тең ұстаған

Сан саңылақты дүниеге әкелген, самғау көкке түлеткен Сарыарқаның сары даласының перзенті, саналы ғұмырын ұлт болашағы – ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз, ғылым-ілім жолында сарқылмас еңбектерімен танылған ардақты ел

ағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Омарұлы Артықбаевтың 60 жасқа толған мерейтойы ауданымыз төрінде дүркіреген тойдан кем емес дәрежеде аталып өтті. Осынау атаулы мерекеде өмірде де, ғылымда да биік белестерден көрініп, өңіріміздің атын асқақтатып жүрген ел ағасына «Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы» төсбелгісі табысталды.

Аудан әкімдігінің қолдауымен, аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастырумен өткен шығармашылық кеш шымылдығы Жамбыл Артықбаевтың зұлмат жылдардағы қазақ отбасының тағдыры мен тауқыметі бейнеленген «Бір адамға екі өлім жоқ» драмалық шығармасымен ашылды. Режиссер



Сланбек Жұмағали ағамыздың дайындауымен, мәдениет бөлімінің өнерпаздарының қатысуымен өткен үзінді жан тебірентіп, көзімізге жас әкелді.

Ауданымызға қарасты Жаңақала ауылында дүниеге келген Жамбыл Омарұлы туған ауылына, ауданына ғана емес, барша Алаш жұртшылығы мақтан етер азамат. Сайын дала қойнауында ашылмай жатқан тарихты зерттесем, білсем деген үлкен арман жолында ғылым атты киелі шаңырақтың төріне шығу бақытына кенелген ел ағасы асқақ арманымен қанат қағып елден 11 жасында білім іздеп, жыраққа кетеді. Білім жолында



жүрген жас бала туған жерге қонақ ретінде келіп жүріп, кеудесіндегі сағынышты «Ботақара таулары күтіп мені қарсы алшы, ағып жатқан ақ нұра арындашы, ойнашы» деген өлең жолдарымен жеткізген. Кешегі жас жігіт, бүгінгі ел ағасы кіндік қаны тамған туған өлкесін қанша жасқа келсе де, төрткүл әлемнің қай шетінде жүрсе де, ыстық сағынышпен еске алып, осы өлкеде дүниеге келгеніне мақтанатындығын айтады.

Аудандық орталық кітапхана қызметкерлері ұйымдастырған Жамбыл Артықбаевтың ғылыми еңбектері, кітаптары мен жеткен жетістіктерін паш ететін стендті



аудан басшысы Шагурашид Мамалинов, мәслихат хатшысы Асхат Әли мерейтой иесімен бірге тамашалады.

Бір бойынна жеті өнердің мәйегін сыйғызған Майгүл Асқарова апамыздың жүргізуімен өткен ғылыми мазмұнға толы шығармашылық кеш көптен бері сыр мен сезімді парасат көгіне көтерер серпіліс күшін күтіп жүрген көрерменге естен кетпес, ауыздан түспес мереке сыйлады. Кез-келген шараны гүлге айналдырып, әуезді мәйегімен, көңілімізге түйіп алар енегесімен өткізе білетін Майгүл апамыз сұхбат түрінде жүргізген кеште отандық ғылымның сардары болған ағамыздың өмірі мен жеткен жетістіктері, еңбектеріне байланысты сұрақтар қойылып, мерейтой иесімен тарих хақында сырға толы әңгіме өрбіді.

Ел ағасының балалық шағы, білім-өнеге алған ұстаздары, археология ғылымының атасы Әлкей Марғұланның еңбектерін зерттеп-зерделеу жолындағы атқарылған жұмыстары жайлы өрбіген әдемі әңгіме кентіміздің атауының шығу тарихымен жалғасты. Үлкен тарихи ізденіс, тынымсыз жұмыс жолында өткеннің көзі данагөй қариялардың аузынан естіп жүрген әңгімелерді тыңдап, ойға түйе білген Жамбыл Омарұлы оларды зерделей келе тылсым, сыры ашылмаған тарих беттерін қайта ашқандардың бірі.

Сонымен қатар кеш барысында Жамбыл Омарұлының халқымыздың сан ғасырлық өмірбаянын, жүріп өткен сара жолын зерттеп, ұлт санасын қалыптастыруға арналған ғылыми шығармашылық еңбектері, шежіре мен әдебиетті тоғыстырған тарихи киноларға кеңесші, әрі сценарийлер жазушысы болып жүрген орасан зор қызметі жайлы сөз қозғалды. Қазақ этнология ғылымында шежіретану бағытының негізін салушылардың бірі, тарихшы, жазушы-драматург, педагог Жамбыл Омарұлы өзінен тікелей білім алғандар үшін ғана емес, ғалымның қолтаңбасы түскен әр ғылыми мақаласын, құны жоғары кітаптарын оқып жүргендер үшін де ұлағатты ұстаз атанып жүр. Ал ағамыздың қолғабысымен жасалған туындылар ел көңлінен шығып, бүгінгі күні үлкен сұраныстарға ие. Сондай атаулы туындылардың бірі Бұқар жырау Қалқаманұлының 350 жылдық мерейтойына арнап түсірілген «Көмекей әулие» деректі-көркем, «Төле би», «Қазақ» елі тарихи анимациялық фильмдерінің жас өркенге берер енегесі мол.

Қардай ақ көңілі, судай таза тұрпаты, қарапайымдылығы өзгелерден ерекше Жамбыл ағамыздың ғылым жолында жасаған сара жолынан бөлек қоғамда болып жатқан дүниелерге бейжай қарамайтындығын көріп, естіп жүрміз. Әсіресе ұрпақ тәрбиесінде сүбелі еңбек атқарып жүрген ел ағасы жастарды жаңашылдықтан қорықпай, ұмыт болып бара жатқан ұлттық дәстүрлерімізді жаңғырту жолында жарқын бастамалар жасауға шақырады. Ағамыздың бабалар мұрасы болып қалған ғибратты сөздерді жинақтап, өсіп келе жатқан жас өркен естисін, білсін деген ниетпен ұсынып жүрген дүниелерін күнұзақ телефонға үңіліп отырар жастарымыз ізденіп, тыңдайтын болса, ғанибет емес пе?!

Мерейтой иесін құттықтаған аудан басшысы:

- Жамбыл Омарұлы, өзіңізді бүгінгі мерейтойыңызбен құттықтай отырып, ауданымыздың тумасы ретінде отандық ғылым саласына қосқан еңбегіңіз бен жас ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесіңізді құрмет тұтамыз. Сіздің сүбелі еңбектеріңізбен сусындап, білім алушы шәкірттеріңіз арта берсін, - дей келе «Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы» төсбелгісімен аудандық мәслихат хатшысы Асхат Әлимен бірге салтанатты түрде табыстап, ардақты ел ағасының арқасына зерделі шапан жапты.

